



**Виртуалды көрме**

**Қозыбақова Фатима  
Ақынбайқызы – 65 жыл**

**Виртуальная выставка**

## *Мазмұны:*

- **Ф. А. Қозыбақованың өмірбаяны мен ғылыми дәрежесі**
- **Ф. А. Қозыбақованың педагогикалық қызметі мен еңбек жолы**
- **Марапаттары**
- **Ғылыми еңбектері және мақалалары**
- **Студенттермен өткізілген мәдени-рухани іс шаралары**



## **Қозыбақова Фатима Ақынбайқызы**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих, археология және этнология факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры,  
тарих ғылымдарының кандидаты

### **Өмірбаяны**

1957 жылы 30 қаңтарда Алматы облысы, Жамбыл ауылында дүниеге келген.

1979 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірген.

1997 жылы «Қазақстан ауыл шаруашылығындағы «қанаушы таптарды» және жекешелер қожалықтарын жою: тарихы мен салдарлары» (1926-1933 жж.)» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады.


1998 жылы «Қазақ байларын тәркілеу тарихынан» атты монографиясы жарық көрді.

2001-2004 жылдар арасында ҚазҰУ-дың докторантурасын бітірді.



## Ф. А. Қозыбақованың педагогикалық қызметі мен еңбек жолы

Ф. А. Қозыбақова 1979 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірген. 1990-1992 жылдар аралығында ҚазМУ-дың аспирантурасын аяқтап, 1992 жылдан Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының ассистенті, оқытушы, аға оқытушылық, доценті қызмет жолдарынан өтіп, бүгінгі күнде Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры болып қызмет жасайды. **Жалпы ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі – 37 жыл.** 1997 жылы «Қазақстан ауыл шаруашылығындағы «қанаушы таптарды» және жекешелер қожалықтарын жою: тарихы мен салдарлары» (1926-1933 жж.) атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады. **1998 жылы «Қазақ байларын тәркілеу тарихынан» атты монографиясы жарық көрді.** 2001-2004 жылдар арасында ҚазҰУ-дың докторантурасын бітірді. Бүгінгі күнде «Қазақстандағы кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің аграрлық саясаты және оның салдары (1920-1930)» атты монографиясы жарыққа шықты. Сонымен қатар, «Қазақстандағы кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің экономикалық саясаты: нәтижесі және сабақтары (1920-1941 жж.)» атты оқу құралын шығарды. Ф. А. Қозыбақова **2 монография және 25 оқу құралының авторларының бірі.** Оның ішінде Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы, Қазақстан тарихы, Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулықтың, Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы (Дәрістер курсы), Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы, ҚР. Білім және ғылым министрлігі бекіткен, Алматы, 2018. оқулықтарының авторы. **500-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалар жариялаған. 3 типтік оқу бағдарламасының, 3-электронды оқулықтың авторы.**

Ф.А. Қозыбақова тарих факультетінде «Қазақстанның жаңа заман тарихы», «Қазақстан Республикасының экономикалық дамуы», «Қазақстан Республикасының әкімшілік реформалары» және тарих емес факультеттерде «Қазақстан тарихы» курстары бойынша лекциялар мен семинарларын жоғары оқу орындарының талаптарына сай жаңа инновациялық әдістерді пайдалана отырып, жоғары ғылыми-теориялық деңгейде өткізеді. Бүгінгі таңда магистранттарға «Орталық Азия тарихының өзекті мәселелеріне қазіргі заманғы теориялық-методологиялық көзқарас» және «Ғұн, үйсін, қаңлы тайпалық бірлестіктер мен мемлекеттерінің теориялық-методологиялық мәселелері» атты базалық курстар мен таңдау курстарын оқиды. Сонымен бірге, бітіруші студенттердің диплом жұмыстары мен магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етіп келеді. Ф. А. Қозыбақова берілген тапсырмаларға жауапкершілікпен қарайды және **қоғамдық жұмыстарға белсенді** қатысады. Оның жетекшілігімен жыл сайынғы ғылыми дәстүрлі студенттер мен жас ғалымдардың «Ғылым әлемі» халықаралық конгресінде 20-дан астам студенттері баяндама жасап, оның ішінде бірнеше студенті министрлік тарапынан III дәрежелі дипломмен және университет, факультет тарапынан дипломдармен марапатталған. Оның еңбегі бірқатар ректорат алғыстарымен атап өтілген. **2009-2010 оқу жылында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің тарих факультетінің «Үздік оқытушы» атағын иеленді. 2013 жылы Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының толық мүшесі болып сайланып, осы академияның академигі атағын иеленді.** Іс-тәжірибе алмасу мақсатында жыл сайын алыс-жақын **шетелдерде** өтетін ғылыми стажировкалар мен халықаралық ғылыми конференцияларға қатысып; Лавкоша (КИПР), Париж (Франция), Измир (Турция), Стамбул (Турция), Анкара (Турция), Берлин (Германия), Болгария елдерінде **ҒЫЛЫМИ мақалалары** жарық көрген.



**Летопись Казахского национального университета имени ал-Фараби. 2004-2014. – Ч. 4 – Алматы: Қазақ университеті, 2015 – 414 с.**



**Казахский национальный университет им. аль-Фараби. Исторический факультет : 70 лет КазНУ им. аль-Фараби / Р. И. Берсимбаев ; Казахский национальный университет им. аль-Фараби. - Алматы : Книга, 2004. - 215, [1] с.**

## Марапаттары:

1. ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына орай Республикалық «Білім шыңы – Ғылым сыры» журналының ұйымдастырған «Мәңгілік Елдің» мәртебелі мұғалім жобасының арнайы медалімен марапатталған.




2. Кәсіби саладағы сіңірген еңбегі үшін медалімен марапатталған.



3. Экономика мақтанышы үшін медалімен марапатталған.

## Ғылыми еңбектері және мақалалары



**Қозыбақова Ф. А.**

**Қазақ байларын тәркілеу тарихынан: көмекші оқу құралы / Ф. А. Қозыбақова. - Алматы: Қазақ университеті, 1998. - 200 б.**

Бұл оқу құралы жоғарғы оқу орындарының тарих факультетінің студенттеріне және оқытушыларға арналған. Кеңестік тоталитарлық жүйе кезінде Кеңес өкіметі аграрлық салада қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығын күйретуді жүзеге асырған бірқатар реформаларды жүргізді. Бұл кітапта 20-шы жылдардың соңындағы қазақ байларын тәркілеудің тарихы жаңаша көзбен зерттеліп, оның қасіретті салдарлары қарастырылған.




**Қозыбақова Ф. А.**

**Қазақстандағы кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің аграрлық саясаты және оның салдары (1920-1930 жж.) : монография / Ф. А. Қозыбақова. – Алматы: «NURPRESS баспасы, 2011. – 118 б.**

Бұл оқу құралы жоғарғы оқу орындарының тарих факультетінің студенттеріне және оқытушыларға арналған.

Бұл кітапта 20-шы жылдардың соңындағы қазақ байларын тәркілеудің, 1926-1927 жылдарда қазақ ауылындағы жайылымдық және шабындық жерлерді қайта бөлу реформаларының және оның сабақтарының, байлар мен кулактарды тап ретінде жою саясатының, зорлап отырықшыландыру негізінде жекешелер шаруашылығын одан әрі күйрету реформаларының тарихы жаңаша көзбен зерттеліп, оның қасіретті салдарлары қарастырылған.






**Қазақстан (Қазақ елі) тарихы : 3 кітаптан тұратын оқулық / ҚР Білім және ғылым м-гі, әл-Фараби атын. ҚазҰУ; [құраст. Т. О. Омарбеков және т. б.]. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 3-кітап : Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. - 453, [1] б.**

«Қазақстан (Қазақ елі) тарихы» деген атпен жарық көріп отырған 4 кітаптан тұратын университеттердегі тарих мамандығы бойынша маманданатын бакалавр студенттеріне арналған. Оқулықтың үшінші кітабы Қазақстанның отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағындағы мәселелері айтылған. Мұнда Ресей патшалығының отарлау жүйесінің қазақ жерінде орнығуы, оған қарсы қазақтардың ұлт-азаттық күрестері, кеңестік тоталитарлық, ұлттық және әлемдік тарихнамадағы жаңа көзқарастар, жаңа деректері баяндалады.




**Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. 4-кітап / Т.О. Омарбеков, Б.С. Сайлан, А.Ш. Алтаев, Ф.А. Қозыбақова [және т.б.]. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 264 б.**

«Қазақстан (Қазақ елі) тарихы» деген атпен жарық көріп отырған төрт кітаптан тұратын оқулықтың төртінші кітабы жаңа тәуелсіз Қазақстан тарихының мәселелерін оқытуға арналған. Мұнда КСРО-ның тарауы жағдайындағы егемен ел болудың алғышарттары, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасқан елге айналуы ұлттық және әлемдік тарихнамадағы жаңа көзқарастар, жаңа деректерді, мұрағат қорларындағы құжаттарды айналымға қосу негізінде тиянақты баяндалған.




**Қазақстан Республикасының тарихы : хрестоматия / әл-Фараби атын. ҚазҰУ ; [құраст. Қ. С. Қаражан, Ф. А. Қозыбақова, С. Смағұлов, Г. Әбікенова, А.М. Уразбаева]. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2018. - 412 б.**

Бұл хрестоматияда 1991-2017 жылдар аралығын қамтитын Тәуелсіз Қазақстанның құрылу, Тәуелсіздіктің әлеуметтік-экономикалық негіздері, ҚР-ның мәдениет саласындағы саясаты қамтылады.



**Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқулық / Г. С. Султанғалиева, А. Ш. Алтаев, Т. Омарбеков, Б. С. Сайлан, Ф. А. Қозыбақова ; ҚР Білім және ғылым м-гі, Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2018. - 475 б.**


Бұл кітап Қазақстан тарихы - ЖОО арналған оқулық.



**Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы : оқулық / Қ. С. Қаражан, Ж. Ә. Әбсеметова, Ф. А. Қозыбақова [және т. б.]. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2005. - 300, [3] б.**

Бұл кітапта :

1. Патшалық Ресейдің Қазақстанды жаулап алуы;
2. Қазақстан Қазан төңкерісі мен Азамат соғысы;
3. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында;
4. Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстан;
5. Тәуелсіз Қазақстан т. б көптеген тақырыптар қамтылған.



**Қазақстан тарихы : лекциялар курсы / Қ. С. Қаражан, Ж. Ә. Әбсеметова, Ф. А. Қозыбақова және т. б. - Алматы : NURPRESS, 2011. - 373, [3] б.**

Тарих емес факультеттердің студенттеріне арналған кітап. Бұл кітапта авторлары күрделі және ұлы оқиғаларға толы көне дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстанның тарихи тәжірбиесін қарастырады.

## Соңғы шыққан мақалалар тізімі

1. Қозыбақова, Ф. «Ақиқаттың» ақ таңы / Ф. Қозыбақова // Jetisy. - 2021. - 30 наурыз.
2. Қозыбақова, Ф. Халық жүрегіндегі ақын / Ф. Қозыбақова, М. Баймолдаева // Jetisy. - 2021. - 1 сәуір.
2. Қозыбақова, Ф. Бас ақын / Ф. Қозыбақова, М. Мерзоянова // Jetisy. - 2020. - 7 наурыз.
3. Қозыбақова, Ф. Жүз жыл жырлаған жүрек / Ф. Қозыбақова // Jetisy. - 2020. - 17 наурыз.
4. Қозыбақова, Ф. Интеллектуалды ұлт / Ф. Қозыбақова // Jetisy. - 2020. - 15 ақпан.
5. Қозыбақова, Ф. Мәңгілік мұра / Ф. Қозыбақова, А. Пиржанова // Jetisy. - 2020. - 12 наурыз.
7. Қозыбақова Ф. Ғұлама ғалым әл-Фарабиге - 1150 жыл / Ф. Қозыбақова, А. Кенгесбай // Үш қоңыр. - 2020. - 21 ақпан.

### **ДИССЕРТАЦИЯСЫ**

**Қозыбақова, Фатима. Қазақстан ауыл шаруашылығындағы «қанаушы таптарды» және жекешелер қожалықтарын жою: тарихы және салдарлары (1926-1933) : Тарих ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дис. / ғылыми жетекші: О. Т. Омарбеков; әл-Фараби атынд. ҚазМҰУ ; - Алматы, 1996. - 174 б.**

# Студенттермен өткізілген мәдени-рухани іс шаралар



«Ұлы даланың ұлы есімдері»,  
Филология факультетінің студенттері,  
Әл-Фараби кітапханасы



«Ұлттық өнер – ұлылығымыздың  
белгісі» ғылыми-онлайн конференциясы



«Ұлы даланың ежелгі металлургиясы»  
ғылыми-онлайн конференциясы,  
Әл-Фараби кітапханасы



«Алтын Орданың 750 жылдығы», 1  
курс студенттері, № 10 жатақхана



«Өркениет өзегі – аң стилі» ғылыми-  
онлайн конференциясы



«Қазақ руханиятының ұлы көсемі»  
ғылыми конференциясы, Әл-Фараби  
кітапханасы



**Назарларыңызға рақмет!**